



## БҰЙРЫҚ № 32 -н/қ

« 02 » қыркүйек 2025 ж  
Хромтау қаласы

### Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасында педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.

2. Төмендегі комиссия құрамы бекітілсін:

- 1) Умурзакова Г.Н - кеңес төрағасы, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы;
- 2) Джаманова А.О- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз;
- 3) Истлеуов С.И- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз, білім саласының майталманы;
- 4) Мұқанбетова А.Қ- кеңес мүшесі, кәсіподақ төрағасы, тәрбиеші;
- 5) Жанабаева Н.Б- кеңес мүшесі, музыка жетекшісі;
- 6) Каримова Б.С- №6 Хромтау гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі;
- 7) Уразалина Г.Ж- Хромтау ауданының білім бөлімінің әдіскері.

3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Губайдуллина Эльмира Ерлановна тағайындалсын.

4. Кеңес отырысы бекітілген мерзіммен және үлгілік қағида шарттарының тәртібімен, құрылған жоспарға сәйкес өткізілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін балабақша басшысы өзіме қалдырамын.

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-  
балабақшасының басшысы:



К.Муринова

Таныстым:

1. Умурзакова Г.Н
2. Джаманова А.О
3. Истлеуов С.И
4. Жанабаева Н.Б
5. Мұқанбетова А.Қ

6. Каримова Б.С
7. Уразалина Г.Ж
8. Губайдуллина Э.М

БЕКІТІЛДІ  
«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-  
балабақшасы» МККК  
меңгерушісі: К.Муринова

**2025-2026 оқу жылына арналған педагогикалық  
әдеп жөніндегі кеңестің жоспары**

№	Мазмұны	Өтетін уақыты	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысында қаралатын сұрақтар: 1.Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және кеңес мүшелерін бекіту. 2.2025-2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі жоспарды бекіту.	Қазан айы	Муринова К.М
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысында қаралатын сұрақтар: 1.Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы. 2. Педагогтың құқықтар мен міндеттері.	Желтоқсан айы	Муринова К.М
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысында қаралатын сұрақтар: 1. Педагог мәртебесі заңының талаптарының орындалуы. 2. Педагог бейнесі. Әр педагог өзін тәрбиелеу жолдары.	Наурыз айы	Муринова К.М
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысында қаралатын сұрақтар: 1 Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. 2 Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Мамыр айы	Муринова К.М

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

**№ 01 хаттамасы**

**Қатысқандар: 19 педагог**

**Өткізілген күні: 13 қазан 2025 жыл**

**Күн тәртібінде:**

1.Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және кеңес мүшелерін бекіту.

2.2025-2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі жоспарды бекіту.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Г.Умурзакова сөз алды:**

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Кеңестің мүшелерін таныстырып кетейін: кеңес төрағасы Г.Умурзакова, кеңес мүшесі, ардагер ұстаз А.Джаманова, кеңес мүшесі, ардагер ұстаз С.Истлеуов, кеңес мүшесі кәсіподақ төрағасы А.Мұқанбетова, кеңес мүшесі Н.Жанабаева, кеңес мүшесі, №6 Хромтау гимназиясының мұғалімі Б.Каримова, Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері Г.Уразалина.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін

шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Мұқанбетова сөз сөйледі:**

2025-2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жоспарымен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер. Алдымен кеңес төрағасы Г.Умурзакова айтқандай педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілді, сол бұйрыққа сәйкес 4 педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы жоспарланды, қазан айында міне бүгінді күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе, келесі желтоқсан айында болатын отырысқа Педагогтың құқықтары мен міндеттері және педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы; Наурыз айында өтетін педагогикалық әдеп кеңесінің тақырыптары Педагог мәртебесі заңының талаптарының орындалуы және педагог бейнесі, әр педагог өзін тәрбиелеу жолдары. Мамыр айында қаралатын сұрақтар Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларды білуі және педагогикалық әдепті қамтамасыз етуі. 2025-2026 оқу жылында педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары осы тақырыптарды қамти отырып бекітілсін.

**Кеңес шешімі:**

1.№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасындағы педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітілсін.

2.2025-2026 оқу жылына арналған жоспар бекітіліп, көрсетілген уақытта өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Г.Умурзакова

Хатшы:

Э.Губайдуллина

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**  
**№ 02 хаттамасы**

**Қатысқандар: 19 педагог**

**Өткізілген күні: 10 желтоқсан 2025 жыл**

**Күн тәртібінде:**

1. Педагог әдеп нормаларының сақталуы;
2. Педагогтың құқықтары мен міндеттері.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Н.Жанабаева сөз алды:**

Қайырлы күн, кеңес мүшелері, бүгін педагог нормаларының сақталуы бойынша сөз өрбітетін боламын. **Педагог әдеп нормаларының сақталуы** – педагогтің кәсіби қызметінде адамгершілік, құқықтық және кәсіби этика талаптарын ұстануы.

Негізгі әдеп нормаларына мыналарды жатқыза аламыз:

1. **Тәрбиеленушілерге құрмет көрсету**
  - Әр баланың қадір-қасиетін сыйлау.
  - Кемсітуге, қорлауға немесе кемсітушілікке жол бермеу.
  - Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру.
2. **Әділдік пен бейтараптық**
  - Барлық балаларға тең қарау.
  - Бағалауда объективті болу.
  - Жеке көзқарасқа байланысты артықшылық бермеу.
3. **Кәсіби жауапкершілік**
  - Өз міндеттерін сапалы орындау.
  - Педагогикалық құпияны сақтау.
  - Үнемі кәсіби біліктілігін арттыру.
4. **Ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті**
  - Сыпайылық пен өзара құрмет таныту.
  - Даулы жағдайларды конструктивті шешу.
  - Әріптестердің беделіне нұқсан келтірмеу.
5. **Сыртқы келбет пен мінез-құлық мәдениеті**
  - Қызметтік ортаға сай киіну.
  - Қоғамдық орындарда педагог мәртебесіне сай әрекет ету.
  - Әлеуметтік желілерде де этикалық нормаларды сақтау.

**Әдеп нормаларының сақталуының маңызы:**

- Білім беру ұйымында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырады.
- Тәрбиеленушілердің тәрбиешіге деген сенімін арттырады.
- Білім сапасының жақсаруына ықпал етеді.
- Педагог мамандығының беделін көтереді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Уразалина сөз сөйледі:

### Педагогтың құқықтары

Педагог өз кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында келесі құқықтарға ие:

1. Кәсіби қызмет еркіндігіне – оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға.
2. Ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына.
3. Қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларына.
4. Біліктілігін арттыруға және кәсіби дамуға.
5. Білім беру ұйымын басқаруға қатысуға.
6. Еңбек заңнамасына сәйкес демалысқа және әлеуметтік кепілдіктерге.
7. Шығармашылық және ғылыми қызметпен айналысуға.
8. Заңнамада белгіленген тәртіппен марапаттар мен көтермелеулер алуға.

### Педагогтың міндеттері

Педагог келесі міндеттерді орындауға тиіс:

1. Білім алушыларға сапалы білім мен тәрбие беру.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру ұйымының жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін сақтау.
3. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға ықпал ету.
4. Білім алушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.
5. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау.
6. Кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіру және біліктілігін арттыру.
7. Ата-аналармен және әріптестермен ынтымақтастықта жұмыс істеу.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау және әділ бағалау жүргізу.

### Кеңес шешімі:

1. Әр педагог әдеп нормаларын бұлжытпай сақтасын.
2. Әр педагог құқықтары мен нормаларын сақтау өздеріне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:  Г.Умурзакова

Хатшы: 

Э.Губайдуллина

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**  
**№ 03 хаттамасы**

**Қатысқандар: 19 педагог**

**Өткізілген күні: 04 наурыз 2026 жыл**

**Күн тәртібінде:**

1. Педагог мәртебесі заңының талаптарының орындалуы;
2. Педагог бейнесі. Әр педагог өзін тәрбиелеу жолдары.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Б.Каримова сөз алды:**

Қайырлы күн, кеңес мүшелері, бүгін педагог нормаларының сақталуы бойынша сөз өрбітетін боламын.

**Педагог мәртебесі туралы заңның негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби мәртебесін арттыру, құқықтарын қорғау және сапалы білім беру үшін қолайлы жағдай жасау.**

**Заң талаптарының орындалуының негізгі бағыттары:**

1. **Педагог құқықтарын сақтау**
  - Мұғалімнің кәсіби қызметіне негізсіз араласуға жол бермеу.
  - Ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау.
  - Қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.
2. **Артық жүктемеге жол бермеу**
  - Педагогті өзінің кәсіби міндетіне қатысы жоқ жұмыстарға тартпау.
  - Заңда көзделмеген есептер мен міндеттерді жүктемеу.
3. **Педагогикалық әдепті сақтау**
  - Мұғалімдердің педагогикалық әдеп қағидаларын ұстануы.
  - Білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен өзара құрметке негізделген қарым-қатынас орнатуы.
4. **Кәсіби дамуды қамтамасыз ету**
  - Біліктілікті арттыру курстарынан өту.
  - Заманауи білім беру технологияларын меңгеру.
  - Үздіксіз кәсіби жетілуге ұмтылу.
5. **Әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру**
  - Заңда көзделген жеңілдіктер мен кепілдіктерді беру.
  - Еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету.
6. **Білім сапасын арттыру**
  - Білім беру бағдарламаларын сапалы орындау.
  - Оқушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету.
  - Әділ және объективті бағалау жүргізу.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Джаманова сөз сөйледі:**

**Педагог бейнесі** – мұғалімнің кәсіби біліктілігін, адамгершілік қасиеттерін, мәдениетін, мінез-құлқын және қоғамдағы беделін сипаттайтын тұлғалық келбеті.

**Қазіргі педагогқа тән қасиеттер:**

- Жоғары кәсіби білім мен педагогикалық шеберлік.
- Оқушыларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлық.
- Әділдік, жауапкершілік және адалдық.
- Қарым-қатынас мәдениетінің жоғары болуы.
- Шығармашылық және жаңашылдыққа ұмтылу.
- Сабырлылық, төзімділік және өзін-өзі бақылау.
- Ұқыптылық пен сыртқы келбет мәдениеті.
- Үздіксіз білім алуға және өзін дамытуға талпыныс.

**Әр педагогтың өзін-өзі тәрбиелеу жолдары**

Өзін-өзі тәрбиелеу – педагогтың кәсіби және тұлғалық тұрғыдан үнемі жетілуіне бағытталған саналы әрекеті.

**Негізгі жолдары:**

1. **Өзін-өзі тану**
  - Өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау.
  - Қызметіне сыни көзқараспен қарау.
2. **Үздіксіз білім алу**
  - Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер оқу.
  - Курстарға, семинарларға және тренингтерге қатысу.
3. **Кәсіби шеберлікті жетілдіру**
  - Жаңа оқыту технологияларын меңгеру.
  - Тәжірибе алмасу және озық тәжірибені қолдану.
4. **Өзін-өзі бақылау және талдау**
  - Өткізген сабақтарын сараптау.
  - Қателермен жұмыс жасап, оларды түзету.
5. **Жеке қасиеттерді дамыту**
  - Сабырлылықты, жауапкершілікті және тәртіпті қалыптастыру.
  - Эмоцияны басқару дағдыларын жетілдіру.
6. **Уақытты тиімді пайдалану**
  - Күн тәртібін жоспарлау.
  - Мақсат қойып, оған жүйелі түрде жету.

**Кеңес шешімі:**

1. Педагог мәртебесі заңының талаптарының орындалуын басты назарға қойылсын.

2. Әр педагогке өзін-өзі тәрбиелеу жүктелсін.

**Кеңес төрайымы:**  Г.Умурзакова

**Хатшы:**  Э.Губайдуллина

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 04 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Өткізілген күні: 05 мамыр 2026 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары;
2. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы Г.Умурзакова сөз алды:**

**Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.** Педагогтың қоғамдағы орны ерекше болғандықтан, оның көпшілік ортадағы мінез-құлқы мен қарым-қатынасы жоғары мәдениет пен жауапкершілікке сай болуы тиіс. Педагог әрдайым өз мамандығының беделін сақтап, үлгі боларлықтай әрекет көрсетуі қажет.

**Негізгі әдеп-этикалық нормалар:**

1. **Қоғамдық тәртіпті сақтау**
  - Қоғамдық орындарда мәдениетті және сыпайы мінез-құлық таныту.
  - Заң талаптарын және қоғамдық тәртіп ережелерін сақтау.
2. **Сөйлеу мәдениеті**
  - Әдепті, сауатты және құрметті тіл қолдану.
  - Дөрекі сөздерге, қорлау мен кемсітуге жол бермеу.
  - Өз пікірін мәдениетті түрде жеткізу.
3. **Адамдарға құрметпен қарау**
  - Әр адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін сыйлау.
  - Ұлтына, дініне, жынысына немесе әлеуметтік жағдайына байланысты кемсітпеу.
4. **Сыртқы келбет мәдениеті**
  - Қызметтік және қоғамдық ортаға сәйкес ұқыпты киіну.
  - Жеке тазалық пен жинақылықты сақтау.
5. **Әлеуметтік желідегі этика**
  - Педагог мәртебесіне сай ақпарат жариялау.
  - Қоғамдық дау-дамайға, қорлайтын немесе жалған ақпарат таратуға қатыспау.
  - Қызметтік және жеке ақпараттың құпиялылығын сақтау.
6. **Кәсіби беделді сақтау**
  - Педагог мамандығының абыройын түсіретін әрекеттерге жол бермеу.
  - Оқушыларға, ата-аналарға және әріптестерге қатысты сыйластық таныту.

## **7. Жанжал жағдайларындағы мінез-құлық**

- Даулы мәселелерді сабырмен және заң аясында шешу.
- Агрессияға, балағат сөздерге және орынсыз әрекеттерге жол бермеу.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Н.Жанабаева сөз сөйледі: Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби қызметінде адамгершілік қағидаларды, моральдық нормаларды және қызметтік мінез-құлық талаптарын ұстануы. Ол білім беру процесіне қатысушылар арасындағы өзара құрмет пен сенімді қалыптастыруға бағытталған.**

### ***Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету жолдары***

#### **1. Білім алушылардың құқықтарын құрметтеу**

- Әр оқушының ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау.
- Кемсітуге, қорлауға және әділетсіз қарым-қатынасқа жол бермеу.
- Оқушылардың пікірін тыңдап, олардың жеке ерекшеліктерін ескеру.

#### **2. Әділдік пен бейтараптықты сақтау**

- Бағалауды объективті жүргізу.
- Барлық білім алушыларға тең мүмкіндік беру.
- Жеке көзқарасқа байланысты артықшылық көрсетпеу.

#### **3. Кәсіби жауапкершілікті орындау**

- Лауазымдық міндеттерді сапалы атқару.
- Қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау.
- Педагогикалық қызметте заң талаптарын орындау.

#### **4. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру**

- Ата-аналармен, әріптестермен және оқушылармен сыпайы қарым-қатынас жасау.
- Даулы жағдайларды өзара түсіністік пен құрмет негізінде шешу.
- Әріптестердің кәсіби беделіне нұқсан келтірмеу.

#### **5. Өзін-өзі жетілдіру**

- Кәсіби білім мен біліктілікті тұрақты арттыру.
- Заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру.
- Өзін-өзі тәрбиелеу және жеке қасиеттерін дамыту.

### ***Педагогикалық әдепті сақтау қағидалары***

- Заңдылық;
- Адалдық пен әділдік;
- Жауапкершілік;
- Сыйластық;
- Толеранттылық;

- Әдептілік пен мәдениеттілік;
- Кәсібилік.

### *Педагогикалық әдептің маңызы*

- Білім беру ұйымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастырады.
- Мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді нығайтады.
- Білім беру сапасының артуына ықпал етеді.
- Педагог мамандығының беделін көтереді.
- Қоғамдағы мұғалімге деген құрметті арттырады.

### **Кеңес шешімі:**

1. Әр педагог кез-келген ортада әдеп-этикалық нормаларын сақтасын.
2. Әр педагог әдеп сақтау қағидаларын ұстансын.

**Кеңес төрайымы:**  Г.Умурзакова

**Хатшы:**  Э.Губайдуллина